

ҚР ҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің 2025 жылғы 1 маусымдағы инвестициялық портфельіне шолу

"БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) enpf.kz сайтындағы "Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі – ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ҚРҰБ мен ИПБ-лардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – **23 314,57 млрд теңге**. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған, ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері **22 834,90 млрд теңге¹** болды. **ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы** жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі – **417,28 млрд теңге**.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **62,39 млрд теңге**.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельі

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

2025 жылғы 1 маусымға **МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін** инвестициялаудың негізгі бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 44,48%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 9,15%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 3,27%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,62%, МҚҰ - 1,25%.

2025 жылғы 1 маусым МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 59,37%, АҚШ долларымен – 40,63%.

Алынған кірістің құрылымын талдаудан бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер – 751,3 млрд теңге. Сыртқы басқарудағы активтер бойынша бағалы қағаздарды, шетел валютасын нарықтық қайта бағалау теріс болып қалыптасты. Басқа кірістер – 4,33 млрд теңге.

Табыстылықтың қысқа мерзімді ауытқуларына қарамастан, 2024 жылғы маусымнан бастап 2025 жылғы мамырды қоса алғандағы соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері шамамен 2,60 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 13,08%, инфляция мөлшері - 11,30%.

Зейнетақы жинақтары - ұзақ мерзімді инвестициялар. Сондықтан, инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жыл ішінде талдаған жөн. Қысқа мерзімді деректер (апталық, айлық және т.б.) көрсеткіш бола алмайды, өйткені олар нарықтық жағдайдың тұрақты түрде өзгеріп отыратын құбылмалылығына тәуелді. Кейбір құралдар бойынша алынған кіріс басқа құралдар

¹ зейнетақы жарналары мен төлемдер шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

бойынша уақытша шығындарды жабатын инвестициялық портфельді әртараптандыру зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімді келешекте сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді. Соңғы 3 жылдағы инвестициялық кіріс тұрақты түрде өсіп, зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен асып түсті.

2025 жылғы 1 маусымындағы ЖМЗЖ инвестициялау бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 89,77%, РЕПО операциялары – 7,21%, ҚРҰБ депозиттері – 2,74%. ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады. 2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігі 11,39% көрсетті.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің **егжей-тегжейлі құрылымы** және инвестициялық қызметке шолу БЖЗК-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, enpf.kz сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша **портфель құрылымы** туралы ақпарат орналастырылды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі **62,39 млрд теңгеден** асады.

01.06.2025ж. жағдай бойынша **"Jusan Invest" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен – **11,78 млрд теңге**.

Компанияның негізгі инвестициялары: Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 21,81%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) облигациялары – 18,26%, ҚР ҚМ МБҚ – 16,88%, РЕПО – 14,28%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 7,63%, МҚҰ - 6,36%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 5,39%, шет мемлекеттердің МБҚ – 4,54%. Атап кетейік, портфельдің 66,71% теңгемен, 31,89% - АҚШ долларымен, 1,40% - басқа валюталарда ұсынылған.

2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 14,65% болды.

"Jusan Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің **егжей-тегжейлі құрылымы** БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.06.2025ж. жағдай бойынша **"Halyk Global Markets" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **5,54 млрд теңге** болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: "кері РЕПО" (күнтізбелік 90 күннен аспайтын) – 29,90%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 12,77%, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 12,65%, ҚР ЕДБ облигациялары – 10,73%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар – 8,78%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 8,60%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 7,58%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары – 6,09%, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 2,64%,

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 69,71%, АҚШ долларымен 30,29% тең.

2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 14,85% болды.

"Halyk Global Markets" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.06.2025ж. жағдай бойынша **"BCC Invest" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері - шамамен **6,32 млрд теңге**.

Инвестициялардың негізгі бағыттары: ҚР ЕДБ облигациялары – 25,37%, Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 17,97%, ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 17,06%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 13,28%, РЕПО – 11,42%, ҚР ҚМ МБҚ – 8,18%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар – портфельдің 74,27%, АҚШ долларымен 25,73%.

2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 14,50% болды.

"BCC Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.06.2025ж. жағдай бойынша **"Сентрас Секьюритиз" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері шамамен **2,40 млрд теңге**.

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 22,67%, ҚР ҚМ МБҚ-ға 20,43%, ҚР ЕДБ облигациялары – 14,19%, квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларына – 12,33%, АҚШ мемлекеттік облигацияларына – 6,27%, РЕПО – 2,50%, ҚР резиденттері-эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 4,26% инвестицияланды.

Ұлттық валютада портфельдің 67,65%, АҚШ долларында – 32,35% инвестицияланды.

2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 15,58% болды.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

2025 жылғы 1 маусымындағы жағдай бойынша **"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **36,35 млрд теңге** болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялардың сипаты мынадай: ҚР ҚМ МБҚ – 25,26%, ҚР ЕДБ облигациялары – 11,25%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 9,90%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 8,41%, шет мемлекеттердің МБҚ – 8,04%, Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 6,55%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 5,90%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 2,88%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 58,41%, АҚШ долларында – 41,59% инвестицияланды.

2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 15,06% болды.

"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Nalyk Finance" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген **егжей-тегжейлі құрылымы** БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 50%-дан аспайтын бөлігін ең төменгі жеткіліктілік шегін есепке алмастан бере алады. Ал ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшыларға оны ИПБ-ға 100% көлемінде беруге құқылы.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).